

Еңбекті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 4 қыркүйек N 2451.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_2-бабына сәйкес Қаулы етемін:

1. 1994 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеуде қол қойылған Еңбекті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина Үкіметтері жасасқан Келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті